

2 Исмагамбетов Т.Т. Гражданское общество в Казахстане: проблемы и перспективы // Саясат. - 1998. - № 9. – С.45.

3 Гиро П. Частная и общественная жизнь греков. - СПб.: Алетейя, 1995. – 221с.

4 О Концепции правовой политики Республики Казахстан на период с 2010 до 2020 года. Указ Президента Республики Казахстан от 24 августа 2009 года № 858 // «Казахстанская правда» от 27.08.2009 г., № 205 (25949)

5 Указ Президента Республики Казахстан от 20 сентября 2002 года № 949 «О Концепции правовой политики Республики Казахстан» // «Казахстанская правда» от 3 октября 2002 года № 212 (23861); САПП Республики Казахстан, 2002 г., № 31, ст.336

6 Турлаев А.В. Проблемы закрепления основных направлений развития гражданского общества и прав человека в Концепции правовой политики Республики Казахстан // Проблемы реализации Концепции правовой политики Республики Казахстан на период с 2010 до 2020 года. Материалы науч.- практ. конф. – Караганды: РИО «Болашак-Баспа», 2010. – С. 8-16.

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ПРОКУРАТУРАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ДАМУЫ

*Байжанова Г.Т., з.ғ.м., мемлекет және құқы теориясы мен тарихы кафедрасының доценті
Жазыбекова С.А., заң факультетінің I курс студенті, Академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ*

Прокуратура барлық мемлекеттердің саяси жүйесінің маңызды да бөлінбейтін белгісі болған және бола береді. «Прокурор» деген сөз латын сөзі, «қамқорлық жасаймын, қамқор боламын» немесе «басқарамын» деген мағынаны білдіреді. Көне Римнің өзінде прокурорлық қызмет болып, прокурорлар азаматтардың соттағы істеріне қатысып, олардың сот ісіне байланысты шаруашылықтарын басқарған.

Тарихи мәліметтерге сүйенетін болсақ, прокуратура қалыптасу мен дамудың ұзақ жолдарынан өтті. Қазақстан прокуратурасының қалыптасу тарихы маңызды үш кезеңге бөлінетінін атауға болады.

Қазақстан прокуратурасының алғашқы қалыптасуы мен дамуы 1922 жылдың 13 шілдесіндегі Қазақстан Орталық Атқару Комитеті 3-ші сессиясының 2-ші шақырылымының шешімінен бастау алды, содан кейін Әділет халық комиссариатының құрамында мемлекеттік прокуратура органы құрылды. Соған сәйкес Әділет халық комиссары республика прокурорының міндетін қоса атқарды. Осы сессияда «Прокурорлық қадағалау туралы ереже» бекітілді.

Әділет халық комиссариатының құрамына кіретін прокуратурада тарихи мәні бар құжатта мемлекет атынан кінәлі адамдарға қарсы қылмыстық қудалауды қозғау және заң бұзушылық қаулыларына наразылық білдіру жолымен барлық билік органдарының, шаруашылық мекемелерінің, қоғамдық және жеке ұйымдардың, жеке тұлғалардың әрекеттерінің заңдылығын қадағалауды жүзеге асыру; қылмысты ашу саласында анықтау және тергеу органдарының қызметтерін тікелей бақылау; сотта айыптауды қолдау, сотталғандарды қамаудың заңдылығын бақылау үшін құрылған мемлекеттік орган ретінде берілген.

Автономиялық республикалардың прокурорлары республиканың ОАК тағайындалған және шақырылған, әрі осы республика шегінде барлық тиісті құқықтарға ие болған. Жалпы федералдық заңдарының мәселелері бойынша Қазақ автономиялық республикасының прокуратурасы РСФСР прокурорына бағынған. Республиканың бірінші прокуроры болып әділет халық комиссары Шафхат Мұхамметжанұлы Бекмұхамметов тағайындалған. «Прокурорлық қадағалау туралы ережелерді» қабылдағаннан кейін Ш.Бекмұхамметов 1922 жылы 2 тамыздағы әділет халық комиссарының және республика прокурорының міндеттерін бір уақытта орындау туралы құжатқа қол қойды. Мұрағаттық мәліметтерге байланысты ол республика прокуратурасының негізін салушы болып табылады. ҚазОАК-ке жасаған бірінші есебінде Орынбор, Ақмола губернияларының прокурорларын бекіту туралы қаулы баяндалды. Ш.М.Бекмұхамметов бастамасы бойынша РСФСР Қылмыстық кодексіне қалың мал, құн және барымта мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілді [1, 24].

Содан кейін, 1922 жылдың 15 қыркүйегінде ғана ҚазОАК-нің алқа шешімімен Әділет халық комиссары және прокурор болып Мырзағұл Атаниязов тағайындалды. Ережеге сәйкес республика прокуроры орталық қызметкерлердің, сондай-ақ жергілікті орган кандидаттарының ішінен әрбір губерния мен облысқа прокурор тағайындаған.

Прокурорларды қызметке тағайындауды, ауыстыруды және қызметін шектеуді республика прокуроры ғана жүзеге асырған. Губерниялық прокурорларды тиісті губерниялар мен облыстардың ұсынуы бойынша республика прокуроры тағайындаған және шақырған. Прокурорлардың көмекшілері болды. Олардың арасындағы міндеттер губерния және облыс шегінде бөлінді.

Прокуратура туралы бірінші ережеде республика прокурорының және губерниялық атқару комитетінің алдында губерниялық прокурорлардың әр тоқсан сайын есеп беруі көзделген. Прокурорлық қадағалау туралы ережені қабылдауға байланысты ҚазОАК қаулысымен осы уақытқа дейінгі губерниялық халық соттары кеңесіне жататын барлық міндеттер 1922 жылдың 1 тамызынан бастап прокуратураның ерекше жүргізуіне берілді.

1923 жылдың аяғына қарай ҚазССР әділет халық комиссариатының прокуратура бөлімінде төрт кіші бөлімдер ұйымдастырылған:

- жалпы басқару (ұйымдастырушы - нұсқаушы);
- жалпы қадағалау жөніндегі;
- тергеу және анықтау органдарын, КТУ және бас бостандығынан айыру органдарын бақылау жөніндегі;
- мемлекеттік айыптаушы және соттық қадағалау (Жоғарғы Сот жанындағы прокурорлар).

Прокуратура бөлімі құрылымының толық жетілмеуіне қарамастан, сол кездегі оның құрылымдарының бөліну негіздерінің өзі прокурорлық қадағалаудың негізгі бағыттарын салған.

Прокуратураның дамуының екінші кезеңінде яғни, 1933 жылы оның өкілеттігі кеңейе түсті. Әділет халық комиссары жанында прокуратура басқармасы құрылып, дербестікке қол жеткізді. Оның тарихында тұңғыш рет прокурордың міндеттері Әділет халық комиссарынан бөлінді.

Прокуратура органдарының қызметін жетілдіру оның құрылымдық дамуынсыз мүмкін емес еді. 1934 жылға дейін прокуратура органдарының құрылымы прокурорлық қадағалаудың негізгі қызметтерін кең мағынада ашу бағыттарына қарай өзгеріп отырады. КСРО прокуратурасы бойынша 1934 жылғы 25 наурызда «Орталық және жергілікті жерлердегі прокуратураның аппараттарын қайта құру туралы» бұйрығы шықты. Осы бұйрық бойынша КСРО прокуратураларында қызмет жасап жатқан бөлімдерімен бірге (жалпы, қадағалау, соттық қадағалау және т.б.) өнеркәсіп, ауылшаруашылық, сауда, кооперация, қаржы істері жөніндегі, сондай-ақ, әкімшілік-сот және мәдени құрылыс және сот-тұрмыстық істер жөніндегі секторлар құрылған. Өндірістік салалық қағида бойынша осындай ұйымдастырулар одақтық және автономиялық республика, өлкелік және облыстық прокуратураларда да жүргізілді [2, 21].

Прокуратура алдына қойылған жаңа міндеттерді орындау үшін оның құрылымдарын қайта құруға тура келеді. Ұйымдасқан жетіспеушіліктерді жою мақсатында КСРО Халық комиссарлар кеңесінің 1936 жылғы 5 қарашадағы қаулысымен КСРО Прокуратурасының Орталық аппаратында бұрынғы бөлімдер таратылды және оның жаңа құрылымы бекітілді. КСРО Одағының Прокурорына одақтық және автономиялық, өлкелік және облыстық прокуратуралардың жаңа құрылымын белгілеу ұсынылды; оларды секторлар мен бөлімдерге бөлу жойылды; өндірістік-сала қағидалары бойынша: жалпы қадағалау, қылмыстық-сот, азаматтық-сот, арнаулы істер бойынша тергеудің, тұтқынға алу органдарын қадағалау бойынша; өтініштер бойынша және кадр бөлімдерінің жаңа бөлімдері құрылды.

1936 жылы 5 желтоқсанда КСРО өзінің жаңа Конституциясын қабылдады, сол оқиға республика үшін тарихи маңызға ие болды, соңынан Қазақстан автономиялы республикадан одақтық республикаға айналып, КСРО-ның құрамындағы тең құқықты мемлекет болды. Қазақстан 1937 жылы өзінің алғашқы Конституциясын қабылдады.

Осы сәттен прокуратураның дамуы мен нығаюының үшінші кезеңі басталды, Әділет халық комиссарынан прокуратура толық бөлінді. Республика құқық қорғау органдарының дербес құрылымы ретінде жұмыс жасай бастады. Қазақ КСР-ның тұңғыш дербес прокуроры С.Есқараев болды. Сол жылдың 11-ші қарашасында Әділет халық комиссары және прокуратураны бөлу туралы бұйрық шығып, республика прокуратурасы тікелей КСРО-ның прокурорына бағынатын болды.

Сол кезеңде прокуратураға мемлекеттік мекемелердің, қоғамдық және жеке меншік ұйымдары іс-әрекетінің заңдылығына, сонымен қатар жеке адамдардың, тергеу органдары, анықтау және т.б. органдары қызметін қадағалауды жүзеге асыру жүктелді.

Алайда прокуратураның тарихында қалыптасқан күрделі жағдайларға байланысты өзінің құқық қорғау міндеттерін толық көлемде жүзеге асыра алмаған кезеңі де болды. Кеңес үкіметіне қарсы және ұлтшыл деген айып тағылып, саяси қуғын-сүргін құрбаны болған республиканың

прокуроры қызметін атқарған сегіз арысымыз бар. Олар Нығмет Нұрмақов, Нұртаза Ералин, Сәдуақас Мәмбеев, Жанайдар Сәдуақасов, Боран Айтмағамбетов, Қанай Боранбаев, Мырзағұл Атаниязов және Сүлеймен Есқараев. Тек 1937 жылдың өзінде ғана прокуратура органдарынан 40-тан астам қызметкер негізсіз жұмыстан шығарылды, солардың бірқатары революцияға қарсы және ұлтшыл топтарға қол ұшын берді деген желеумен қамауға алынды. Бұл жаппай саяси қуғын-сүргін кезеңі еді. Сол қысталаң шақтың өзінде прокуратура органдарында өз жұмысына адал жандар, заңдылықтың мүлтіксіз орындалуы үшін жан аямай күресіп жатты [2, 29].

Прокуратураның кезекті маңызды кезеңі 1955 жылы 24 мамырдағы КСРО прокурорлық қадағалау туралы ережесін қабылдау болады. Онда заңды түрде мемлекеттегі заңдылықты және оны бұлжыпай қамтамасыз етудегі прокурорлық қадағалау органдарының рөлін белгілеу туралы ұсыныстарды дамыту мақсат ретінде қойылған. Ережеде прокурорлардың міндеттері мен өкілеттіліктері, қылмыстық және азаматтық сот ісін жүргізуде анықталған заң бұзушылықтарына прокурорлық шара қолдану құралдары анықталған. Ережелердің нормаларының көбісі қылмыстық және азаматтық сот істерін жүргізу, түзету–еңбек заңнамаларының негіздеріне енгізілген.

Әскери прокуратура органдары да қайта құрылған. Олардың құрылымы мен жүйесі әскери прокурорлардың өкілеттілігі, олардың қызметтерінің аумақтық прокурорлар қызметіне байланысты болу – осының бәрі 1966 жылғы 14 желтоқсанда бекітілген әскер прокуратура туралы ережелерде көрсетілген. Сонымен, әскери прокуратура кеңес прокуратурасы органдарының жүйесіне кіреді және КСРО Бас прокурорына есеп береді деген тұжырым шығаруға болады.

1977 жылы Конституцияны қабылдау заңдылықтың тиісті қадағалауын қамтамасыз ету бойынша алдағы қадамдармен байланысты. Олардың біреуі КСРО прокуратурасы туралы Заңды жасау туралы шешім болды. Мұндай заң 1979 жылы 30 қарашада КСРО Жоғарғы Кеңестің 10-шы шақырылуының екінші сессиясында қабылданды. Онда кеңестік прокуратура органдарының қызметтері мен ұйымдастырылуының негізгі қағидаттары бекітілді және құқықтық реттелді, олардың қызметтерінің негізгі бағыттары көрсетілді.

70-80 жылдары прокуратура органдарына прокурорлық қадағалауға ешқандай тән емес заңдылықты қадағалау бойынша оның негізгі қызметін екінші орынға қою арқылы маңызды дәрежедегі міндеттерді жүктеді. Прокурорларға қосымша өкілеттіліктер берілді, бірақ бұлар прокуратура алдына қойылған, әсіресе азаматтардың құқықтарын және заңды мүдделерін қорғау саласындағы барлық мәселелерді шеше алмады.

Прокурорлық қадағалаудың одан әрі дамуы және прокуратура органдары жүйесін реформалау кезеңі Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін алған сәтінен басталды. Прокуратураның реформалауы мен дамуы жана мемлекеттік құрылымының, саяси және халықаралық-құқықтық бағдардың қағидасына сәйкес жүзеге асырыла бастады.

1991 жылдың 6-шы желтоқсанында Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің «Қазақ КСР прокуратурасы органдарының бірыңғай жүйесін құру, оның дербестігі мен тәуелсіздігін қамтамасыз ету туралы» Қаулысымен Қазақ КСР Бас прокурорына бағынатын бірыңғай прокуратура органдарының жүйесі құрылды [3, 13].

Прокурорлық қадағалаудың практикасы мен іліміне 1992 жылы 17 қаңтарда қабылданған «Қазақстан Республикасындағы прокуратура туралы» ҚР Заңы көптеген жаңалықтар енгізді. Прокуратура заңдардың орындалуына жоғары қадағалауды жүзеге асыратын орган болып жарияланды, республиканың Жоғарғы Кеңесіне есеп береді. Қазақстандық прокуратура құрамына әскери прокуратура қабылданды.

Осы жерде отандық құқықтанушылардың прокуратураға қатысты берген көзқарастарына тоқтала кеткен жөн. Өзбекұлы С., Қопабаев Ө. көзқарастары бойынша: «Прокуратура өзінің құзырын жергілікті органдардың ешқайсысына бағынбай атқарады және сот процесінде мемлекет мүддесін білдіреді» [4, 46].

Қ.Д.Жоламанның көзқарасы бойынша: «Бұл орган мемлекеттің атынан Республиканың аумағында заңдардың, Қазақстан Республикасының Президентінің жарлықтарының және өзге де нормативтік-құқықтық актілердің дәлме-дәл әрі бірыңғай қолданылуын, жедел іздестіру қызметінің, анықтама мен тергеудің, әкімшілік және атқарушылық істер жүргізудің заңдылығын қадағалауды жүзеге асырады» [5, 57].

Ресейлік құқықтанушылар Матузов Н.И., Малько А.В. көзқарасы бойынша: «Бақылау-қадағалау органдары (Есеп палатасы, прокуратура) заңдылық пен технологиялық тәртіптің сақталуын бақылауға міндетті» [6, 98].

Прокуратура алдында республикадағы заңдардың үстем тұруын, заңдылықты нығайту мен біртұтастығын және құқық қорғау тәртібін қамтамасыз ету міндеттері қойылды. Барлық қызметіндегі оның міндеттері азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету;

республиканың тәуелсіз құқықтарын, бағыныштылығына қарамастан оның саяси және экономикалық жүйесін, кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың құқықтарын, меншік нысандары мен құрамдарын кез келген қол сұғушылықтан қорғау; лауазымды адамдар мен азаматтардың құқықты тануы мен құқықтық мәдениетін көтеру болыптабылады.

Заң прокуратураның құқыққорғау қызметін жақсартуда жағымды рөл атқарды. Дегенменде, елдің нарықтық экономика жолымен көтерілуі, демократияны өрістетуде құқықтық жүйені қалыптастыруға жаңа жол табуды талап етті.

Қазақстандық заңнаманың өзгеруінің келесі кезеңі барлық халықтық талдаумен, яғни референдуммен қабылданған тәуелсіз Қазақстанның бірінші Конституциясын қабылдау болды.

Ол Қазақстан Республикасын демократиялық, зайырлы, біртұтас мемлекет, оның ең қымбат қазынасы - адам және азаматтың өмірі, бостандықтары мен адамның бұлжымас құқықтары деп таныды. Ол өзінің қызметін азамат пен қоғамның мүдделеріне сәйкес іске асырады. Осы саралауда прокуратура оның құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының аумағында заңдардың дәл әрі бірыңғай орындалуына қадағалауды іске асыруға, қажетті жағдайларда, сол уақытта белгіленген заңдар шеңберінде қылмыстық қудалауды іске асыруға, сондай-ақ істердің сот талқылауына қатысуға тиісті орган ретінде танылды. Конституцияның арқасында прокуратура басқа мемлекеттік органдардан, лауазымды адамдардан тәуелсіз әрекет етті және тек заңға ғана бағынды. Прокурордың өзінің негізгі қызметінен басқа кәсіпкерлік қызметпен айналысуға, депутат болуға, саяси мақсаттарды көздейтін қоғамдық бірлестіктерге мүше болуға және басқа мемлекеттік лауазымдарды атқаруға мүмкіндігі болмады. Прокуратура органдарының бірыңғай және орталықтандырылған жүйесін Жоғарғы Кеңес бес жылға тағайындаған Қазақстан Республикасының Бас прокуроры басқарды. Бас прокурор төменгі тұрған прокурорларды қызметке тағайындады және қызметтен босатты. Прокуратура органдарының құзыреті, құрылым тәртібі және прокурорлардың құқықтық жағдайы «ҚР прокуратура туралы» Қазақстан Республикасының Заңында анықталды.

Үрдісті дамып келе жатқан мемлекеттік құрылыстың процестері, демократия мен құқықты дамыту 1994 жылғы 12 ақпандағы Мемлекеттік бағдарламаға сай Қазақстанның құқықтық жүйесін қалыптастыруға жаңа көзқарастарды жасауға негіз болды. Осы мемлекеттік бағдарламада 1995 жылғы 30 тамыздағы жаңа Конституция мен 1995 жылғы 21 желтоқсандағы «ҚР прокуратуралы» ҚР заңында кезекті өзінің бекітілуін тапқан прокуратура органдарының негізгі қағидаттарын реформалау көзделді.

Жаңа ҚР Конституциясына және онымен белгіленген мемлекеттік құрылымға сәйкес прокуратура тікелей ҚР Президентіне ғана бағынды және оған жоғары қадағалау функциялары жүктелген ерекше конституциялық рөл сынағы тапсырылды. Конституция мен республиканың заңдарына қайшы келетін барлық заңдарға және өзге де нормативтік құқықтық актілерге наразылық келтіру құқығы берілді. Жоғары қадағалауды жүктеу заңды, яғни прокуратура мемлекет атынан өзінің қызметін іске асырады және барлық елдің аумағында субъектілермен қолданылатын барлық нормативтік-құқықтық актілерге жоғары қадағалауды іске асырады.

Мемлекеттік биліктің тармақтарын бөлудің дәстүрлі жүйесіне жатқызылмайтын қызметке ие бола отырып, прокуратура адам және азамат құқықтары мен бостандықтарын қорғауда жедел, тез қимыл жасайды, сонымен бәрімізге білгілі биліктің заң, атқару және сот тармақтарының баяулығын және дер кезінде шешім таба алмауларының орнын толтырады. Жоғары қадағалауды прокуратураға жүктеу бұл объективті құқықтық жағдай және прокуратура қызметінде басқа мемлекеттік органдардың өкілеттіліктеріне қарағанда, бірінші және тұрақты орын алады. Прокуратураның құқықтық жағдайының бірегейлігі оның құқықтық қарулануы, адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, мемлекет пен қоғамның мүдделерін қорғауда заң бұзушылықты белгілеу және қалпына келтіру үшін өмірде тексерілген құқықтық институттарды пайдалануға мүмкіндік беретін заң құралдарының кең арсеналын көрсетеді. Сондай-ақ Қазақстан Республикасының Бас прокуроры өз өкілеттігі мерзімі ішінде тұтқынға алуға, күштеп әкелуге, оған сот тәртібімен әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, қылмыс үстінде ұсталған немесе ауыр қылмыстар жасаған реттерді қоспағанда, Сенаттың келісімінсіз қылмыстық жауапқа тартуға болмайды деген жаңа нысан пайда болды. Яғни, Қазақстан Республикасының Бас прокуроры қылмыстық қудалаудан, әкімшілік жазаға тартылудан және т.б. иммунитеттерге ие болды [7, 34].

Сондай-ақ, прокуратура сот тәрізді алдын-ала тергеу және анықтаудан бөлінді. Алдын-ала тергеу мен анықтау басқа арнаулы органдарда іске асырылу танылған. Прокуратураға қадағалау өкілеттігі және сонымен қатар, жедел-ізвестіру қызметі берілген. Бұдан басқа, прокуратураға әкімшілік және атқару өндірістеріне қадағалау және сотта мемлекет мүддесін білдіру

функциялары жүктелген. Осыған байланысты, Қазақстан Республикасында прокуратураның өзінше бірегей, жаңа жүйесі қалыптасты. Бұл, прокуратура қызметкерлерінің, сондай-ақ басқа мемлекеттік органдар, ғылыми мекемелер мен қоғамдар қызметкерлерінің арасында көптеген даулар мен пікір-сайыстарды туғызды.

«Прокуратура туралы» ҚР заңында басымдылық бағыттары ретінде адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалар мен мемлекет мүдделерінің сақталуына қадағалау функциясы анықталған және жалпы қадағалау ұғымы енгізілген.

Прокуратураны жетілдірудің келесі кезеңі «Құқық қорғау жүйесін одан әрі реформалау шаралары туралы» 1997 жылғы 22 сәуірдегі Президент Жарлығын қабылдау болды, осыған сәйкес Ішкі істер министрлігінің, Мемлекеттік тергеу комитетінің, Әділет министрлігінің Ақпаратты статистикалық қызметтері базасында қылмыстық қудалау, прокуратура, сот қызметтері мен арнаулы есептер жүргізу туралы құқықтық статистикасын қалыптастыру функцияларымен Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы жанында Құқықтық статистика және ақпарат Орталығы құрылды.

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 2 шілдедегі заңымен Бас прокуратурада жедел-іздістіру қызметін, тергеуді, анықтауды іске асыратын басқа республикалық құқыққорғау органдарының әрекетін үйлестіру қызметтерінің функциясы қайта қалпына келтірілді.

Қылмыстық іс-жүргізу заңына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар, ерекше жағдайда тергеудің толық және объективті еместігі, істің қиындылығы мен маңыздылығы туралы фактілері анықталған кезде бас прокуратурада тергеу топтарын құру және басшылық жасауға прокурорды тағайындау құқығы беріледі. Бұл ұйымдасқан қылмыстарға және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту қажеттілігінен туындаған және ол прокуратураның өкілеттіліктері туралы конституциялық ережелермен толығымен келісіледі.

Бірақ, нарықтық экономика жолында елдің алға басуы, алға дамуы прокуратураны жетілдірудегі келесі кезеңнің объективті қажеттілігін тудырды. Осы мақсаттарға жету, сондай-ақ «ҚР құқық қорғау қызметтерін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» 2001 жылғы 22 қаңтардағы Президент Жарлығын орындау үшін 2002 жылғы 9 тамызда Елбасы қол қойған «Прокурорлық қадағалау мәселелері бойынша кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң әзірленді және қабылданды.

Заң нормалары прокуратура органдары қызметкерлерінің өкілеттіліктерін, сондай-ақ прокурордың қызметіне кедергі келтіретін және оның заңды талаптарын орындамайтын адамдардың жауаптылығын арттыруды реттейді. Прокурордың жаңа өкілеттіліктері адам және азаматтың конституциялық құқықтарын, мемлекет пен заңды тұлғалардың мүдделерін қорғауды күшейтуге, прокурорлық реттеу құралдарымен заңды нығайтуға бағытталған. Заң сот билігінің мүмкіндіктерін толықтырады және осыған байланысты сот әділдігі саласына тартылған адамның құқықтары мен бостандықтарының кепілдік жүйесін дамытады. Адам және азамат қорғаудың құқықтық құралдарын таңдауда, оның ішінде прокуратура органдарының жоғары мүмкіндіктерін пайдалануда тәуелсіз болуға тиіс. Прокурорлық қадағалау мәселелеріндегі маңызды жаңа ерекшеліктердің бірі - мына толықтыру болып табылады: ҚР Қылмыстық кодексінің 321-1-бабы "прокурордың қызметіне кедергі жасау және оның заңды талаптарын орындамау" деп көрсетіледі [8, 3].

Қазақстан мемлекетінің дамуына байланысты, прокуратура органдарының мемлекеттік органдар арасындағы орны мен рөлі өзгеріп, оның қызметі жаңарып, толықтырылып отырылғанмен, оның негізгі заңдылық пен тәртіпті ары қарай нығайтуға, мемлекеттің мүддесін, азаматтардың саяси, әлеуметтік және жеке құқықтары мен бостандықтарын қорғау, құқық бұзушылықты жоюға бағытталған мақсаттары мен міндеттері өзгерген емес.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қабдөшев Б. Жоғарғы сот прокуроры // Заң және заман. - 2004. - №12. –Б. 24.
2. Альдекеев А.А. История становления и развития органов прокуратуры Республики Казахстан – Алматы, 2002. –Б. 21.
3. Аманбаев Ә. Ел тұтастығы мен бірлігінің негізі // Заң және заман. - 2006. - № 9. – Б.13.
4. Өзбекұлы С., Қопабаев Ә. Мемлекет және құқық теориясы. – Алматы: Жеті жарғы, 2006. - 264 б.
5. Жоламан Қ.Д. Мемлекет және құқық теориясы. – Алматы: «Нұр-пресс», 2005. -296 б.

6. Матузов Н.И., Малько А.В. Мемлекет және құқық теориясы. - Алматы: ЖШС «АйСан-Пресс» баспа үйі, 2013. – 583 б.

7. Қазақстан Республикасының прокуратурасы / ред. Тусупбеков Р.Т. – Алматы, 2002. – Б.34.

ҚАЗАҚ ДӘСТҮРЛІ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК ИНСТИТУТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢДЕГІ МӘНІ

Серікбаева С.С., з.ғ.м., мемлекет және құқық теориясы мен тарихы кафедрасының аға оқытушысы

Әшірбекова А.Н., заң факультетінің магистранты, Академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ

Қазіргі кезеңде заңдылық пен құқықтық тәртіпті оң жолға бағыттау мемлекеттің басты мақсаттарының бірі болып табылады. Сонымен қатар, мемлекеттің басты міндеттері болып заңдылықты қатаң сақтау, құқықтық тәртіп бұзушылықты түбегейлі жою, қылмыстылықты және оның туындауына итермелейтін себептерді тамырымен жою танылады.

Елдегі заңдылық режимін және құқықтық жүйенің тұрақтылығын, сонымен қоса қолданыстағы заңдар аясында ұлттық құқықтың қарышты дамуын қамтамасыз ететін жүйелі шаралар қажет.

Қазақстан Республикасының Конституциясында көрсетілгендей, демократиялық, зайырлы, құқықтық мемлекет құру міндеттері азаматтардың ең негізгі Конституциялық құқықтары мен бостандықтары мүмкіндіктерінің құқықтық кепілдемелерін қамтамасыз ету арқылы жүзеге асырылады. Қоғам қаншама ізгілікті болғанымен қылмыстық құқықбұзушылық кездесіп тұрады ал, оны болдырмау, мейлінше азайту үшін күресетін мемлекеттік органдар әр түрлі шаралар ұйымдастыра отырып алдын ала анықтауға, дер уақытында тоқтатуға ұмтылыс жасайды, соның салдарынан ондай әрекеттерді тиімді түрде алдын алып, кінәлілерге мемлекеттік мәжбүрлеу шараларының ең қатаң түрін қолданады.

Құқықтық мемлекет құрудағы маңызды мақсаттардың бірі, қылмыстылықпен күресті күшейту болып табылады. Бұл салада қылмыстық заңдарды реформалау, оның нормаларын қазіргі даму кезеңінің қоғам қажеттілігіне сәйкестендірудің маңызы өте зор.

Өзінің «сындарлы он жыл» еңбегінде Елбасшымыз Н.Назарбаев «Бүгінгі өмірде ғаламдық және аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету проблемасы айрықшы көкейкесті сипат ала түсуде. Әрине бұл процестің көрінісі ретінде адамзат қауымдастығының өмір сүруіне төнген осы заманға қауіп-қатерге қарсы тұруға бейімделген жаңа құрылымдардың туындай бастауын айтуға болады» - деген, пікіріне сай елімізде қылмыстық жауапкершіліктің мәселелеріне жаңаша қарау бағыты анықталды [1, 32-33]. Президентіміз бағыттағандай, елімізде нормашығармашылық қызметтің тиімділігін арттыру мақсатында қолданыстағы заңнаманы жүйелеу, заңнама салалары бөлігінде одан әрі топтастыру; оны ескірген және қайталама нормалардан арылту, құқықтық реттеудегі олқылықтардың орнын толықтыру, қолданыстағы құқықтағы ішкі қайшылықтарды жою; заңдардағы сілтеме нормаларды азайту және Конституцияға сәйкес заңнамалық актілер қабылдана алатын мәселелер тобы шеңберінде тікелей қолданылатын заңдарды қабылдау практикасын кеңейту жөніндегі жұмысты жалғастыру қажет.

Құқықтық саясатқа кешенді көзқарас барлық нормативтік-құқықтық базаны мемлекет дамуының жалпы стратегиясы тұрғысында, оның ішінде нәтижелілік, ашықтық және есептілік принциптерінде, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, қоғам мен мемлекеттің мүдделерін қамтамасыз ететін мемлекеттік басқарудың сапалы жаңа моделін жасау жөнінен жаңғыртуға мүмкіндік береді.

Мемлекеттің құқықтық саясатының маңызды буыны қылмыстық саясат болып табылады, оны жетілдіру қылмыстық құқық теориясы мен тәжірибесін жаңаша бағалау, ұғыну. Қылмыстық құқықтың қазіргі жай-күйін бағалай отырып, оны серпінді дамыту мемлекетіміздің басты бағыттарының бірі. Қолданыстағы Қылмыстық кодекс – қылмысқа қарсы күрестің, адамның құқықтары мен бостандықтарын, мемлекет пен қоғамның мүдделерін қылмыстық-құқықтық қорғаудың, қылмыстық жауапкершілікті жүзеге асырудың пәрменді құралы.

Заңдылық пен құқықтық тәртіпті бекітудегі тәжірибелік мәселелерді шешуде, маңызды рөлді қылмыстылықпен күресті қамтамасыз ететін, қоғамдық-құқықтық жүйе элементі ретінде қылмыстық құқық атқарады. Кез-келген мемлекет кепілдік беретін басты құндылықтарын жауапкершілікпен үрейлендіру және оны кінәлілерге жүктеу жолымен қылмыстық қолсұғушылықтардан қорғай алады.